

Облыстық сауда және мемлекеттік сатып алу жөніндегі басқармасының ережесі мен құрылымын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімінің 2000 жылғы 26 қазандағы № 338 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 15 қарашада № 440 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 19 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімінің 03.08.2004 N 19 шешімімен

Облыс әкімінің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі № 320 "Облыс әкімінің 1999 жылғы 15 сәуірдегі № 55 "Әкімдер аппаратының құрылымы, олардың дербес орындаушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің санының лимиттері, қызметтік жеңіл автокөліктерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" сәйкес және жергілікті орындаушы органдардың құрамын жетілдіру мен олардың жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру үшін ШЕШІМ ЕТЕМІН.

1. Облыстық сауда және мемлекеттік сатып алу жөніндегі басқармасының ережесі бекітілсін /қосымша беріледі/.

2. Облыстық сауда және мемлекеттік сатып алу жөніндегі басқармасының құрылымы бекітілсін /қосымша беріледі/.

С. Нұрғисаев

2000 жылы "26" қазандағы № 338
Облыс әкімінің шешімімен бекітілген

Облыстық сауда және мемлекеттік сатып алулар жөніндегі басқармасы туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Қызылорда облысының сауда және мемлекеттік сатып алулар облыстық басқармасы /одан әрі қарай-Басқарма/ Қазақстан Республикасының Зандары, нормативтік келісімдері мен облыстық сауда және мемлекеттік сатып алулар басқармасы жөніндегі Ережесінде қарастырған атқару мен бақылау-қадағалау

қызметтерін жүзеге асыратын және сауда мен мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруда үйлестіру жүргізетін Қызылорда облысы әкімінің атқарушы органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Үкіметінің қаулылары мен актілеріне және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдеріне, өзге де нормативтік және құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес атқарады.

3. Басқарма "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы заңы, Азаматтық кодексі негізінде құрылған заңды тұлға болып табылады. Ұйымдастыру-құқықтық нысанында ол мемлекеттік мекеме болып, Қазақстан Республикасы елтаңбасы бейнеленген мөрі мен мөртаңбаны, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған, белгіленген нысандағы бланкілері, сондай-ақ, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

4. Басқармасының толық атауы - "Қызылорда облыстық сауда және мемлекеттік сатып алу жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

5. Басқарма аппаратын қаржыландыру жергілікті бюджеттен қаралған атқарушы органдарды ұстау үшін бөлінген қаржыдан жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік сатып алуды қаржыландыруды тапсырысшы жергілікті бюджеттердің, сонымен қатар бағдарламаның әкімшіліктерінің келісімімен республикалық бюджеттен тиісті қаржы жылына арналған қаражатын нысанды пайдалану жөніндегі қаржы жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Басымдықтары

Қызылорда облыстық сауда және мемлекеттік сатып алулар жөніндегі басқармасының басымдықтары болып табылатындар:

Саудада:

- 1) сауданың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
- 2) ішкі рынокта Қазақстандық тауарлар үлесін көбейту үшін жағдай қалыптастыру;
- 3) ішкі саудада бәсекелестіктің дамуына ықпал жасау;
- 4) ауылдық жерлерде сауда инфрақұрылымдарының дамуын көтермелеу;
- 5) тұтынушылар құқын қорғау.

Тауарлар мен қызмет көрсетулерге мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруда:

- 6) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы заңына сәйкес тауарлар мен жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуларда конкурстардың ұйымдастырушысы болып табылады;

7) тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алуға бөлінген бюджеттік қаржыны оңтайлы және тиімді пайдалану нәтижесіне жету;

8) отандық ықтимал өнім берушілерге, оның ішінде кіші кәсіпкерлік субъектілеріне басымдықтармен қамтамасыз ету.

3. Басқарманың қызметі мен міндеттері

I. Басқарманың негізгі қызметтік міндеттері:

1) сауданы дамыту, бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру және оларды үйлестіру;

2) мамандандырылған мемлекеттік және нарықтық институттар құру мен олардың қызметтерін жетілдіру арқылы сауда саясаты алдында тұрған міндеттерді шешу;

3) тауарларды импорттауда отандық өндірушілерді шетелдік жауапкершіліксіз бәсекелестіктен қорғауды қамтамасыз ету;

4) сатылатын өнімдерді стандарттау, метрология мен сертификаттау бойынша нормативтік құжаттар талабының сақталуына бақылау жасау;

5) ауылдағы тұтынушылар кооперациясы жүйесінің дамуын көтермелеу;

6) сауда ақпаратын жинау, талдау және тарату;

7) облыстағы базарлар мен сауда кәсіпорындарының санитарлық-техникалық, архитектуралық-эстетикалық жағдайын жақсарту, халыққа қызмет көрсету мәдениетін көтеру, сервистік қызмет көрсетуді кеңейту мен дамытуға инвестициялар салу;

8) тауар-салалық белгілері бойынша облыс базарлары мен сауда кәсіпорындарын мамандандыру, оларды жергілікті тауар өндірушілердің бәсекеге төтеп беретін өнімдерімен толтыру, тауар сапасын арттыру және түрлерін кеңейту;

9) тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың конкурстарын ұйымдастырушысы болады;

10) мемлекеттік сатып алу процесстерін үйлестіру және оның мониторингін жасау;

11) өз құзіреті шегінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік материалдарды әзірлеу және бекіту;

12) Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібіне бақылау жасауды жүзеге асыру;

13) мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы белгіленген нысан бойынша және белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне және жоғарғы мемлекеттік органдарға есеп беру;

14) тапсырушыларға мемлекеттік сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету;

15) Республикалық және жергілікті бюджеттер бекіткен көрсеткіштердің негізінде тапсырушылар қалыптастырған сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатурасы мен көлемдеріне талдау жасау.

II. Басқарма өз қызметінде:

1) Сауда кәсіпорындары, қоғамдық тамақтану, базарлар қызметін-үйлестіруді қамтамасыз етеді;

2) жергілікті бюджеттен, сонымен қатар бағдарламаның әкімшіліктерінің келісімімен республикалық бюджеттің қаржысының есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында конкурстар ұйымдастырады;

3) меншік нысанына қарамастан сауда кәсіпорындарды, қоғамдық тамақтандыру, базарларды қайта мамандандыру, қайта құру және жаңадан құру процесстеріне қатысады;

4) облыстағы сауда салаларына талдау жүргізеді және оларды дамытудың жобалары мен жоспарларын әзірлейді;

5) мемлекеттік сатып алу процесстерін үйлестіру мен мониторинг жасауды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу туралы заңдарын сақтауына бақылау жасауды жүзеге асырады;

7) сауда қызметі мен мемлекеттік сатып алуды іс-қимылдары мәселелері бойынша ережелер және өзге де нормативтік құжаттарын белгіленген тәртіпке сәйкес бекітеді;

8) түрлі меншік нысаны негізіндегі сауда саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдарына нарықтық инфрақұрылымын қалыптастыруына әдістемелік және ұйымдастырушылық көмектер көрсетеді;

9) базар жұмыстарын үйлестіреді, базардың тауар салалары бойынша мамандығын анықтайды, соған сәйкес категорияларын тағайындайды;

10) ішкі және әлемдік тұтыну нарық конъюнктурасына талдау жасау негізінде азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды өндіру сұранысын қалыптастырады;

11) өкілетті бақылаушы органдарымен бірлесе отырып сатылатын өнімдердің сапасын жақсарту, сауда деңгейін және сауда ережесі мен тұтынушылардың құқығын қорғау жұмыстарына бақылау жасайды;

12) азаматтардың сауда және қоғамдық тамақтандыру туралы ұсыныстары, шағымдары мен арыздарын қарайды, тиісті шаралар қабылдайды.

4. Басқарманың құқығы

Басқарма, өзіне жүктелген қызметтерді орындау барысында заңда көрсетілген тәртіпке сәйкес мынадай құқықтарға ие:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан: облыс бойынша сауда кәсіпорындардың, қоғамдық тамақтандыру мен базарлардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізуді бақылайды;

2) жергілікті бюджеттен, сонымен қатар бағдарламаның әкімшіліктерінің келісімімен республикалық бюджеттің қаржысымен жүргізілетін тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың конкурстарын ұйымдастырады және оған қатысады;

3) басқа ведомствалармен бірге облыстың басқа аймақтарымен және шетелдік фирмалармен ынтымақтастық келісім-шарттарын дайындауға қатысады;

4) өз құзыреті шегінде нормативті құжаттарды шығаруға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулылары мен үкімдерін және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерін орындауы бойынша шешім қабылдайды;

5) меншік түріне қарамастан сауда кәсіпорындар және мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік сыртқы зайымдар мен гранттар есебінен жүргізілетін сатып алулар туралы ақпараттарды белгіленген мерзімде, мемлекеттік сатып алулар туралы шарттарда көзделген өзінің міндеттемесін орындамаған және (немесе) тиісті түрде орындамаған өнім берушілер туралы мәліметтерді сұратады және алады;

6) ұсынылған есептік деректердің дұрыстығын тексереді;

7) сауда және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша мүдделі органдармен келісе отырып үйлестіру, ғылыми-техникалық және сараптау комиссиялары уақытша жұмысшы топтарын құрады және кеңестер өткізеді;

8) мемлекеттік сатып алу процедурасы бұзылуы жағдайында байқау нәтижелерін қайта қарау немесе қайтадан байқау өткізуге құқылы.

5. Басқарманың мүлкі

Басқармада жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Мүлкі негізгі қорлардан тұрады.

6. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

Басқарманы әкімшілік мемлекеттік қызметтегі бос орынға жарияланған байқау комиссиясының нәтижесі бойынша облыс әкімі қызметке тағайындайтын және босататын бастық басқарады.

Бастықтың орынбасарын әкімшілік мемлекеттік қызметтегі бос орынға жарияланған байқау комиссиясының нәтижесі бойынша облыс әкімінің тиісті орынбасарының келісімімен басқарма бастығы тағайындайды.

Бастықтың орынбасары Басқарма бастығының жұмыста болмаған кезінде оның қызметін атқарады.

Басқарма бастығы

Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, басшылық жасайды және басқармаға орындауға жүктелген өзінің қызметіне тікелей жауапкершілікті атқарады.

Белгіленген заң тәртібімен Басқарма қызметкерлерін көтермелеу және оларға материалдық көмек көрсету, сондай ақ, сөгіс беру бойынша шешім қабылдайды;

1) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Басқарманы танытады;

2) "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңына сәйкес Басқарма қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындау жауапкершілігін, дәрежесін белгілейді;

3) басқарма аппаратының штаттық кестесін және аппаратты ұстауға арналған шығыс сметаларын жергілікті бюджетте қаралған атқару органдарын ұстау сметасына байланысты бекітеді.

7. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

Басқарманы қайта ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасы Зандарына және облыс әкімінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

2000 жылғы "26" қазандағы № 338

Облыс әкімінің шешімімен бекітілген

Облыстық сауда және мемлекеттік сатып алу басқармасының құрылымы

Басшылық:

1. Басқарма бастығы
2. Бастық орынбасары

Барлығы: -2

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бөлімі:

1. Бөлім бастығы
2. Бас маман
3. Жетекші маман

Барлығы: -3

Облыс саудасын аймақтық дамыту жөніндегі топ:

1. Бас маман
2. Жетекші маман

Барлығы: -2

Барлығы: 7 қызметкер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК